

## «Аққұдық орта мектебі» КММ

### Кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының №2 хаттамасынан көшірме

Өткізілу күні: 05.09.2022 жыл

Аққұдық орта мектебі

Қатысушылар - педагогикалық ұжым (20 педагог тізім бойынша)

Кеңес төрағасы - А.М.Кунтаев

Хатшы - Г.Б.Жармағамбетова

#### Күн тәртібінде:

1. «Аққұдық орта мектебі» КММ өзін-өзі бағалауын өткізу туралы-  
мектеп директоры А.М.Кунтаев.

#### Тыңдалды:

##### 1. А.М.Кунтаев - мектеп директоры

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 02 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген (26.07.2021 №366) «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын» басшылыққа ала отырып, педагогикалық кеңес шешім етті:

#### Шешім:

1. 2022 жылдың 05 қыркүйегінен бастап «Аққұдық орта мектебі» КММ өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құрылып, бекітілсін.
3. Өзін-өзі бағалауды жүргізуде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар», ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 02 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген (26.07.2021 №366) білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары басшылыққа алынсын.

Хаттама көшірмесі дұрыс.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



А.М.Кунтаев

Г.Б.Жармағамбетова

## «Аққұдық орта мектебі» КММ

### Кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының №3 хаттамасынан көшірме

Өткізілу күні: 26.09.2022 жыл

Аққұдық орта мектебі

**Қатысушылар**- педагогикалық ұжым (20 педагог тізім бойынша)

**Кеңес төрағасы** - А.М.Кунтаев

**Хатшы** - Г.Б.Жармағамбетова

#### Күн тәртібінде:

1. «Аққұдық орта мектебі» КММ өзін-өзі бағалау жұмыстарының қортындысы туралы - мектеп директоры А.М.Кунтаев.

#### Тыңдалды:

##### 1. А.М.Кунтаев - мектеп директоры

Мектеп директоры А.М.Кунтаев 2022 жылдың 05 қыркүйегінде өткен кезектен тыс педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстырды. (Қорытынды анықтама қоса жалғанды) Педагогикалық ұжым алдына қойылған міндеттердің бірі бұл мектепте өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу болатын.

Аққұдық орта мектебінде арнайы құрылған комиссия мүшелері 2022 жылдың 05-23 қыркүйек аралығында өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде ҚР Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2016 жылғы 2 ақпанындағы №124 бұйрығы (ҚР Білім және ғылым министрінің 26.07.2021 №366 бұйрығы өзгерісімен) басшылыққа алынды.

Өзін-өзі бағалауды өткізу барысында комиссия мүшелері бағалау өлшемшарттарының критерияларына сәйкес жоспар бойынша зерделеу жұмысын жүргізді.

Комиссия мүшелері мектептің оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуы мен білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптары сәйкестігіне талдау жүргізді.

Қорытынды анықтама ұжым алдында толық оқылып, таныстыру үшін сөз оқу-тәрбие орынбасары Д.К.Алипкаринаға берілді.

#### СӨЙЛЕУШІЛЕР:

##### 1. Д.К.Алипкарина - оқу-тәрбие орынбасары, комиссия мүшесі.

Мектепте 05-23 қыркүйек аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы мектепалды даярлық сыныбындағы жұмысты зерделеп, бағалау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2016 жылғы 2 ақпанындағы №124 бұйрығында көрсетілген (ҚР Білім және ғылым министрінің 26.07.2021 №366 бұйрығы өзгерісімен) 1 параграфы өлшемшарттарына:

1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар.
2. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.
3. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.
4. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар.

1-11 кластарда білім мен тәрбие беру үдерісін бағалау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2016

жылғы 02 ақпанындағы №124 бұйрығында көрсетілген (ҚР Білім және ғылым министрінің 26.07.2021 №366 бұйрығы өзгерісімен) 2 параграфы өлшемшарттарының нақты 4 критериялары бойынша жүргізілді.

1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар.

2. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша бәлгілім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.

3. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

4. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар.

1-2 параграф өлшемшарттары талаптарына сай 2021-2022 оқу жылында мектептің оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелерінің, оқу тәрбие процесінің жылдық жұмыс жоспарларының ҚР мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты (МЖББС) талаптарына сәйкестігі тексерілді.

Қорытынды анықтамамен таныстыра келе, тексеру барысында әр бөлім бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстарға тоқталды. Жіберілген кемшіліктерді түзетуге арнайы әдістемелік ұсынымдар берілді.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 02 ақпанындағы №124 бұйрығында көрсетілген (ҚР Білім және ғылым министрінің 26.07.2021 №366) білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары негізінде жасалған өзін-өзі бағалау кестесімен таныстырды.

## **2. А.Е.Акниязова – тәрбие жұмысының орынбасары, комиссия мүшесі.**

2021-2022 оқу жылын зерделей келе мектептегі тәрбиеленушілер мен білім алушылардың зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысуда облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде нәтижелердің аздығын айтып, жетістіктерді көбейту керектігіне назар аударды. Үйірмелер бойынша атқарылатын жұмыстарының сапасы мен қатысатын оқушылар санын арттыру. Мұғалімдердің зерттеушілік әлеуетін жоғарлату керектігіне тоқталды.

## **3. М.Е.Иманкулова - ӘБ жетекшісі, комиссия мүшесі.**

МЖМБС бойынша тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарына сай білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша талдау жасалды. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бағытында жасалатын жұмыстардың тиімділігін арттыру керектігін айтты. Мектептің материалдық жағдайы білім алушылардың білім сапасына әсер тигізетіні сөзсіз. Жаңа модификацияланған кабинеттердің болмауы және олардың қажеттілігі айтылды.

Өзін-өзі бағалау жұмыстары тыңдалып және талқыланып педагогикалық кеңес шешім етті:

### **ШЕШІМ:**

1. Мектептің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің **akkudyk.edu.kz** сайтына орналастырылсын.

2. Өзін-өзі бағалау жұмысы барысында мектептің оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуы мен мұғалімдердің кәсіби қызметтеріне даярлығы бойынша анықталған көрсеткіштерге берілген әдістемелік ұсынымдарға сәйкес іс-шаралар жұмыстары жоспарланып, орындалуы бақылауға алынсын.

3. Мұғалімдер зерттеушілік әлеуетін жоғарылату бағытындағы жұмыстарға назар аударсын.

4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бағытында жасалатын жұмыстар түрі кеңейтілсін.

Кеңес төрағасы,  
Хатшы



А.М.Кунтаев  
Г.Б.Жармағамбетова